



УДК 372.851

**Сыдықов Б.Д.,
Медетбекова Р.А.,
Жусипбекова Ж.У.**

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА
МҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ
АҚПАРАТТЫҚ-ЛОГИКАЛЫҚ
ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН
АРТТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*В работе описаны методические
особенности повышения
профессиональной информационно-
логической компетенции учителей в
условиях развития информационной
технологий в вузе.*

*The methodical principles of innovation
activity in the base of informational
technology of training the students of Higher
Educational Institutions have been described
in this work.*

Қазіргі таңда оқытудың мазмұнын жетілдірудің ғылыми-педагогикалық негіздерін тереңдету мен бейіндік оқытудың жоспарлы түрде жүзеге асырылуы мұғалімдердің шығар-машылықпен жұмыс істеуіне кең мүмкіндіктер ашып отыр. Мұғалімнің теориялық даярлығын жетілдіруде кәсіби ақпараттық-логикалық құзыреттілікті арттырудың өзіндік ерекшеліктері бар. Білім мазмұнын анықтауда, жобалауға, модель-деуге бағдарламалауға оқыту туралы ғылыми курстарды меңгертуде оқу материалдарының студенттің әдістемелік-кәсіби шеберлігін, ақпараттық-логикалық құзыреттілігін жетілдіруге бағытталып құрылғаны жөн. Осы тұрғыда пәнаралық интеграцияны жүзеге асырып отырудың рөлі ерекше [1].

Жалпы білім беретін орта мектеп мұғалімдері ішінде информатика пәні мұғалімінің алатын орны ерекше. Мектеп информатика курсы оқушының ойлау қабілеті мен жалпы білім дәрежесін дамытуда және тәрбиелеуде әрі жетекші, әрі жауапты орын алады. Информатиканы мектепте оқыту оқушыларға қоршаған ортаны танып білуді үйретеді, ақпараттық-логикалық ойлауын мен танымдық қызметтерін, шығармашылық, қабілеттерін, қалыптастыруға ұйытқы болады, оқушының зейіні мен байқағыштығын, ұқыптылық пен дәйектілік, дербестік пен жоспарлылық сияқты мәдениетін дамытуға ықпал етеді, дүниге ғылыми көзқарасын қалыптас-тыруға жағдай туғызады.

Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңін революциялық немесе эволюциялық тұрғыда бағалауда ақпараттық-логикалық жобалау және жасау саласынан мамандардың пікірлерінің [2-5] бір-біріне сәйкес еместігі байқалады. Дегенмен олардың барлығы да, соңғы онжылдықта бағдарламалық жобалау әдіснамасының, жобалауды аутоматтандыру құралдарының, стандарттарды жасауда, ақпараттық технологияларды қолдану аймағының ауқымды түрде кеңеюінің дами түсуіндегі үлкен серпілісті мойындайды. Сонымен қатар, қоғамды ақпараттандыру жағдайында ерекше көкейкесті болып табылатын сапалы ақпараттық, бағдарламалық қамсыздандыруды жасау және оны бағалау технологияларына байланысты мәсе-лелер ашық түрде қалып отыр. Мына [6;7] еңбек-терде қарастырылған, техникалық құралдардың дамуындағы төңкеріс кезеңі, бір жағынан маңыз-ды кейбір мәселелерді шешуге ықпал жасайды, ал екінші бір жағынан ақпараттық-логикалық құзыреттілікті арттыруда ақпараттық технологиялардың құралдары арқылы бағдарламалық қамсыздандыруды жасау мен қолдануға түрткі болып табылады.



Осы айтылғандар мұғалімдерді ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында ақпараттық-логикалық жобалау құралдарына оқытуды жетілдіруді назарға ала отырып зерттеудің көкейкестілігін айқындайды.

Бірқатар зерттеушілердің пікірлері бойынша, кәсіби құзыреттілік ұғымына берілген түсініктемелерді былайша келтіреміз [8;9]:

-коммуникативтік құзыреттілік – эмоционалдық тұрақтылық, экстраверсия, тікелей және қайтарымды байланысты құрастыра білу қабілеті, тілдік дағдысы, тыңдай білуі, сыпайылық;

-ақпараттық құзыреттілік - өзі туралы оқушылар мен олардың ата-аналарының, басқа ұстаздардың жұмыс тәжірибесі жөнінде ақпаратты білу мөлшері;

-регулятивтік құзыреттілік – мақсаттылық, жоспарлау, тұрақты белсенділікпен өзін-өзі көрсете білу әрекеті, рефлексия, іс-әрекетінің бағасы;

-интеллектуальды-педагогикалық құзыреттілік – талдау, синтез, салыстыру, қорытындылау, нақтылау, аналогия, қиял, ойлау қабілетінің икемділігі мен сындылығы сияқты интеллектің жеке сапалары;

-операционалдық құзыреттілік – болжамдық, жобалық, пәндік-әдістемелік, ұйымдастырушылық, педагогикалық импровизация, эксперттік дағдылары;

-ғылыми-педагогикалық құзыреттілік – ғылымды білу, ғылыми білімін, зерттеліп отырған ғылым саласында қолдана білу іскерліктері мен дағдылары, дидактикалық-әдістемелік құзыреттілігі;

-кәсіби-педагогикалық құзыреттілік – дидактикалық және әдістемелік дайындықтарды үйлесімді жүргізу және кәсіби іс-әрекетке қажетті білім, іскерлік, дағдылады және педагогикалық объектілерге тиімді әдістерді үйлесімді қолдану;

-ақпараттық технологиялық құзыреттілік – адам өзінің іс-әрекетінде белгілі бір мәселелерді шешу барысында жетістіктерге жету үшін алдына қойған мақсаттарын жүзеге асыруда ақпараттық технологияны қолдана білуі;

-ақпараттық-логикалық құзыреттілік – ақпараттық технологиялардың құралдарын қолдана отырып объектіні, құбылысты жобалау, модельдеу, бағдарламалау іскерліктерін тиімді қолдану деп түсінеміз.

Сонымен біздіңше, қоғам дамуының қазіргі кезеңін сипаттайтын фундаментальды ұғымдар: ақпарат, басқару, өзін-өзі ұйымдастыру болып табылады, уақыт факторын ескеру білімді жинақтау мен синтездеу қажеттігіне, адамзат қоғамының жемісті дамуы үшін оларды жылдам және рационалды қолдану жолдарын жасауға алып келеді.

Ақпараттық технологиялардың дамуы білім беру жүйесі мен оның құраушылары ретіндегі ақпараттық-логикалық құзыреттілікті жетілдіру қажеттігін алдын-ала анықтай отырып, осы жүйені жетілдіру жолдарын оқып-үйрену мен анықтау үшін практикалық тұрғыда оларды тиімді дамыту мүмкіндігін береді.

Мұғалім оқу-тәрбие үдерісінде жалпы орта білім беру мекемелерінің алдына қойылған белсенді, саналы, жан-жақты дамыған жастарды тәрбиелеу және оқыту мақсаттарына сәйкес төмендегідей дидактикалық қағидаларға сүйенетіндігі белгілі: оқытудың ғылымылығы, дамыту және тәрбиелеу, көрнекілігі, саналылығы және белсенділігі, білімді тиянақты, берік меңгеру, оқытудың жүйелілігі, түсініктілігі қағидалары. Біз зерттеу мақсатымызға жетуіміз үшін мұғалімдердің ақпараттық-логикалық құзыреттілігін жетілдірудің негізгі қағидаларын анықтап алдық. Ол үшін М.Н.Скатикиннің педагогикалық қағидалар жүйесі басшылыққа алына отырып, қарастырылды: тәрбиелеу мен дамыта оқыту, оқытуды өмірмен байланыстыру, жүйелі және сатылап оқыту, мұғалімнің жетекшілігімен саналы және белсенділікпен оқыту, коллективпен оқыту және оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру, көрнекілікті және теориялық ойлауды дамыту, оқытудың нәтижелілігі, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, оқытудың ғылымылығы және түсініктілігі [10].

Сондықтан оқу үдерісіне жаңа бағыт беріп, оның даму жолдарын ХХІ ғасырдың талабына сәйкес айқындау үшін білімнің әр түрлі салаларына білім және ғылым, білім және адам құқы, білімнің қоғам дамуындағы әсері, білім беру барысындағы жаңа технологияларға т.б. талдау жасалып қорытындылану қажет.

Қоғамды, білім беруді ақпараттандыру жағдайында бүгінгі күнде ақпараттық-компьютерлік технологияларды тиімді де нәтижелі пайдалану үшін біріншіден, жалпы білімділік және кәсіби сауаттылық қажет. Олай дейтініміз, ЭЕМ-мен жұмыс жасағанда, қандай да болсын (табиғи тіл қатынасында да) сөйлем қателіктерін түсінбейтінін ескеру керек. Ол тек өзіне арналған арнайы



бағдарламалау тілдерінің алфавитінде жазылған алгоритм-бағдарламаны ғана орындайды. Сонымен бірге қолданушы бағдарламалардың көмегімен шектеулі амалдарды атқару мүмкіндігіне ие.

Ал ақпараттық-компьютерлік технологиялар көмегімен бұл міндеттерді дұрыс шешу үшін объектінің құбылыстың моделін дұрыс құра білу керек. Бұл кезде біздіңше мәселенің ақпараттық, математикалық, компьютерлік модельдерін құру мақсатқа сай келеді. Сондықтан мұғалімдерге ақпараттық-логикалық құзыреттілік негізінде білім бере отырып дайындау бүгінгі күн сұранысынан туындап отырғандығын айғақтайды.

Білім беру үдерісінде компьютерлердің, ақпараттық технологиялардың кеңінен қолданылуы интерактивті жүйе құруға алып келді. Интерактивті жүйе жеке компьютерді пайдалану, сондай-ақ бейне дискілі құрал және теледидар кешендері негізінде құрылады. Мұндай қазіргі заманғы кешендер интерактивті оқытуда аса қымбат тұрғанымен, көрнекілік пен кері байланысты қамтамасыз етеді.

Ақпараттық-компьютерлік оқыту бағдарламалары оқу үдерісін талдау мүмкіндігін кеңейтеді, яғни ол теориялық негіздерін құрайтын бағдарланған оқытудың мынадай жалпы ұстанымдарын қолдануға ыңғайлы:

- өзара тығыз байланысты материалдарды үзінді-блоктарға бөлу (қадамдарға). Бағдарламаны автордан оқу материалын тиянақты талдауды, мәтін бөліктері арасындағы байланыстың тығыз қисыны мен мазмұнын анықтауды талап етеді.

- алгоритмдерді оқып үйренуге білімгерлер белсенділігін арттыру, яғни жеке қадамдар мазмұны үйренушіде терең талдаулар дағдысын қалыптастыруға бағытталады.

- оқушының әрбір жауабына артынша баға беру, яғни студенттің жауабына бағасын тез арада хабарлап, дұрыс жауап берген болса келесі қадамға өтуіне рұқсат береді.

- оқудың қарқыны мен мазмұнын дараландыру, яғни ұтымды оқу қарқынын дараландыруды қамтамасыз етеді.

- бағдарланған мәтіндердің эмпирикалық сенімділігін тексеру, бағдарламашы авторға әрбір студенттің мүмкіндігіне орай қиындық дәрежесін реттеуді міндеттейді.

Қорытынды ретінде айтарымыз, оқытушы студенттердің компьютерлік сауаттылығына сүйене отырып оқытудың әдіс-тәсілдерін қолданады. Бұл үшін жекелеген пәндерді оқытудың сапасын көтеруге, екіншіден, компьютерлік сауаттылықты дамытуға, студенттердің ақпараттық-логикалық құзыреттілігін қалыптастыруға ұмтылады.

Әдебиеттер:

1. Педагогика профессионального образования. Под редакцией В.А.Сластенина. - М.: АКАДЕМА, 2004. -368с.
2. Михеева Е.В. Информационные технологий в профессиональной деятельности. М.: Академия, 2006. -384с.
3. Попков В.А., Коржув А.В. Теория и практика высшего профессионального образования. - М.: Академический проект, 2004. -428с.
4. Громкова М.Т. Психология и педагогика профессиональной деятельности: Учебное пособие для вузов. М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. -415с.
5. Буланова-Топоркова М.В. Педагогика и психология высшей школы: Учебное пособие. – Ростов н/Д: Феникс, 2002. -544с.
6. Скаткин М.Н. Совершенствование процесса обучения. – М., 1971.
7. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. Учеб. пособие для студ. пед. вузов и системы повыш. пед. кадров.- М.: Издательский центр «Академия», 2001-272б.
8. Кузьмина Н.В. Формирование педагогических способностей. – Ленинград: ЛГУ, 1961.
9. Құмалина Ш.Х., Мұқанова Б.Ж., Ғылмова Ә.У., Ильясова Р.К. Педагогика: Оқулық. –Астана: «Фолиант», 2007. -656 б.
10. Скаткин М.Н. Проблемы современной дидактики. – М.: Педагогика, 1980. -344с.